

Тіршілік қауіпсіздігін  
қамтамасыз етуді  
ұйымдастырудың негіздері

**Өмір тіршілік қауіпсіздігі** - адам өміріне төнетін жалпы қауіп-қатерлерді зерттейтін, соған қарсы қоюға болатын шараларды әзірлейтін ғылыми білімнің саласы.

**Қауіпсіздік** - сыртқы және ішкі қатерден қорғайтын тірі организмнің қажетті шарасы. Ал адам қауіпсіздігінің өз ерекшеліктері бар, адамның басқа тірі организмдерден айырмашылығы, ол табиғи ортадан, өз өмір сүру ортасын жасай алады. Сондықтан болуы ықтимал қатерлер табиғи қатерлердің қатарына жатпауы да мүмкін.

# Қауіп-қатер

## Шыққан тегі бойынша:

- табиғи;
- техногендік;
- антропогендік;
- экологиялық;
- биологиялық.

## Әсер ету әдістері бойынша:

- физикалық;
- химиялық;
- механикалық;
- биологиялық;
- жүйкефизиологиялық.

## Жинақталған орны бойынша:

- литосфералық;
- гидросфералық;
- атмосфералық.

## Зардап зияны бойынша:

- әлеуметтік;
- техникалық;
- экологиялық.

# Қауіп-қатер

## Байқалу саласы бойынша:

- өндірістік;
- тұрмыстық;
- спорттық;
- жол-көліктік;
- т.б.

## Салдары бойынша:

- ауру табу;
- жарақат алу;
- әлсіреу;
- өрт;
- т.б.

## Әрекет сипаты бойынша:

- сылбырлығы;
- белсенділігі;
- т.б.

## Уақыты бойынша:

- соқпалы;
- кумулятивті;
- т.б.

**Азаматтық қорғаныс (АҚ)** - басқару органдарының мемлекеттік жүйесі және бейбіт, соғыс уақытында халықты осы заманғы зақымдау құралдарынан, табиғи және техногенді төтенше жағдайдан қорғау мақсатында өткізетін жалпы мемлекеттік шаралар жиыны.

**АҚ құрамаларының негізі түрлері:**

- құтқару құрамалары
- инженерлік құрамалар
- АҚ және ТЖ қызметтерінің құрамалары



# Төтенше жағдайлар туралы халық пен ұйымдарға хабарлау.

Бейбіт уақытта (зілзала, авария мен апат қауіпі болған кезде) және жау шабуылы қауіпі кезінде төнген қауіп туралы халыққа дер кезінде және сенімді хабарлауды, сондай-ақ халыққа жағдай туралы хабарлау мақсатында олардың назарын аудару үшін электр сиреналары мен өндірістік гудоктар және «Баршаңыздың назарыңызға!» АҚ ескерту дабылының берілгендігін білдіретін өзге де құралдар қосылады.

